

УДК 378.147

К. К. Шашкенова¹, С. Д. Сабитова¹, С. И. Хан²

¹Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы
Азаматтық қорғау академиясы, Көкшетау, Қазақстан

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

«АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ПӘНІН ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА «CONTENT LANGUAGE INTEGRATED LEARNING» ӘДІСІНІҢ КЕЙБІР ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде «Content Language Integrated Learning» әдістемесі бойынша пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуға бағытталған білімдер мен практикалық дағдыларға оқыту қарастырылады. Білім алушыларға жаңа материалдарды әзірлеу кезінде «Content Language Integrated Learning» әдістемесінің критерийлеріне сүйеніп сабақ материалын таңдау көрсетілді. Компьютерде жасалатын практикалық сабақтар ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған, бұл білім алушылардың қызығушылығын тудырды.

Түйінді сөздер. «Content Language Integrated Learning» әдісі, ағылшын тілі, білім беру, оқыту тәсілдері, ақпараттық технологиялар.

Елдің бәсекеге қабілеттілігі әркімнің бәсекеге қабілеттілігінен басталмақ. Мұның басты бір жолы – әлемде қордаланған, адамзат жинаған білім мен ақпаратқа жедел қол жеткізу. Ал оның ең сенімді жолы – сол білім мен сол ақпарат түгелдейдерлік тұнып тұрған ағылшын тілін меңгеру. Қазіргі уақытта еліміздің толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты үшін ағылшын тілін белсенді оқыту идеясы дамуда. Білім беруде бірыңғай ақпараттық кеңістік құрудың мақсаты «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін меңгеру, ақпараттық және компьютерлік технологияларға жататын терминологиялық сөздер мен өрнектерді үш тілде, соның ішінде ағылшын тілінде зерделеу; алған білімдерін практикада қолдануға үйрету болып табылады [1].

«Content Language Integrated Learning» (CLIL) әдісі бұрыннан бері қолданылып келеді және қазіргі уақытта көптеген оқытушылар оны қолданады. CLIL әдісі деген өзінің ресми атауын 1994 жылы Дэвид Маршал тұжырымдамасымен алған. Жыл сайын CLIL әлемге танымал болып келеді және бұған оның басқа әдістерге қарағанда артықшылықтары, сондай-ақ қазіргі оқыту жағдайында мұндай тәсілге деген сұраныстың ықпалы. CLIL – бұл пәндік білімді игеру мен тілдік құзыреттілікті жақсартуға қос фокуспен шет тілі арқылы тілдік емес пәнді оқыту тәсілін сипаттау үшін пайдаланылатын жалпы термин.

CLIL әдістемесі болашақ түлектердің өз мамандығы шеңберінде қарым-қатынасты шет тілінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін деңгейде білуіне жол беретін, лингвистикалық компетенцияларды қалыптастырады.

CLIL оқыту әдістемесі жоғарғы оқу орнындағы техникалық және басқа да бағыттағы студенттердің қажетті құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін ағылшын тілінде пәнді оқытуға ықпал ететін негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді [2]. Оқытудың осы әдістемесінің ерекшелігі

сабақты жүргізу екі тілде (ана тілі және шетел тілі) жүзеге асырылады, яғни әр түрлі оқу жағдайларында оқу мақсатына сәйкес келетін тіл қолданылады. CLIL әдістемелік тәсілінің негізгі принциптерін анықтау кезінде Еуропа елдерінде төрт негізгі аспект ерекшеленеді:

Content (мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәндік аймақтағы білім, іскерлік, дағды, яғни, өздігінен іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі;

Communication (байланыс) – сабақта шетел тіліне оқуға емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, білім алушылар шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай – ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру, қарастырылатын мәселелерді мұқият тыңдау және белсенді талқылау, серіктесінің пікірін түсіну және оларға сыни баға беру жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады;

Cognition (таным) – танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады және бір немесе бірнеше оқу салаларында білім алушылардың жақсы даярлығын қамтамасыз ететін білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді.

Culture (мәдениет) – мәдениет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін, әлемді тану бағыттарымен, өзін мәдениет бөлшегі ретінде ұсынумен, балама мәдениетті ұғыну және қабылдаумен жалпы мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады [3].

CLIL әдісінің негізгі мақсаты – оқытушының сөйлеуін азайтып, керісінше білім алушылардың бір бірімен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Дайындалатын тапсырмалар түрі пән мазмұнына бағытталған, білім алушыға түсінетіндей күрделілік деңгейі бойынша құрастырылуы тиіс. Әр тапсырма білім алушының өздік жұмысына бағытталуы қажет [4].

М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясында КОФ 2-курс курсанттарында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні ағылшын тілінде жүретіндіктен, CLIL әдісін қолдану арқылы кәсіби мақсатыма жетудегі бірден бір жол болып табылады. Жаңа материалды игеру барысында, әсіресе дәріс сабағында толық материал білім алушыларға ағылшын тілінде беріледі және қазақ тілінде түсіндіріледі. Екітілділікті енгізе отырып, білім алушыларға компьютерде қарапайым әрекеттерді көрсетіп, оларды орындау арқылы ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіруге қолдау жасап отырамын. Мұндай жұмыстарды орындау оқушылардың қызығушылығын тудырады. Сонымен қатар сөйлеу дағысын жетілдіре отырып білім алушы тіл мен пәнді түсіну үшін ойлау қабілетін де жетілдіргені дұрыс. Осыған орай тапсырмалардың жауабын ғаламтордағы бейне материалдарды көру арқылы табу талап етіледі. Мұндай жұмыс білім алушылардың есте сақтау дағдысын, пән бойынша ақпарат алуымен қатар сол тілді меңгеруге мүмкіндік береді. Білім алушыларға бұл әдіс түрі ұнады.

Пәнді оқытуда CLIL әдісін қолданудың тиімділігің тағы бірі, ол білім алушылардың ағылшын тілін білудің әртүрлі деңгейлерінде оқытылады. Ол дегеніміз Elementary (A2) деңгейінен бастап Advanced (C1) деңгейіне дейін деп көрсетіледі. Пәнді оқытудың бірінші күнінен бастап білім алушылардың деңгейін анықтау мақсатында ең қарапайым деңгейден бастаған дұрыс [5, 6].


Проблемы обучения

Пәнді ағылшын тілінде оқыту кезінде материалды жеткізуге әсер ететін бірнеше факторларды ескеру қажет. Сол себепті сабақтың материалы білім алушылардың зияткерлік деңгейіне сәйкес келуі керек және материал білім алушылардың деңгейіне сәйкес тілде берілуі керек (сурет 1).

- Microsoft Excel
- 1- practical work
1. Create a **Blank workbook**
 2. Type “**Working with Excel Math**” in cell **A1**
 3. **Merge and Center** the text in cell **A1** to the range **A1:E1**
 4. Apply **Title** style to the range **A1:E1**
 5. Type **Addition** in cell **A2**
 6. Type **Subtraction** in cell **A3**
 7. Type **Multiplication** in cell **A4**
 8. Type **Division** in cell **A5**
 9. **Auto-fit** the contents in column **A**
 10. **Insert** a row above **row #2**
 11. Type “**Basic Math**” in cell **A2**
 12. **Merge and Center** the text in cell **A2** to the range **A2:E2**
 13. Apply **Heading 4** to the range **A2:E2**
 14. Apply the **Calculation** Style to the range **A3:A6**
 15. Type = $4 + 6 / 2$ in cell **B3** then type = $(4 + 6) / 2$ in cell **D3**
 16. Type = $6 - 6 * 2$ in cell **B4** then type = $(6 - 6) * 2$ in cell **D4**
 17. Type = $2 * 2 + 6$ in cell **B5** then type = $(2 * 2) + 6$ in cell **D5**
 18. Type = $9 / 3 + 4$ in cell **B6** then type = $(9 / 3) + 4$ in cell **D6**
 19. Save and submit **ExcelLabOne.xlsx** to your instructor

Сурет 1 – Білім алушыларға арналған, қарапайым деңгейде жасалған тапсырма

Білім алушылардың материалды қабылдауға қол жетімді болу үшін сөйлемдер ұзақ болмауы керек. Сөйлем қаншалықты қысқа болса, соншалықты оны қабылдау жеңіл болады. Суреттермен көрнекі түрде жасалған шағын мәтіндер ұзақ мәтіндерге қарағанда жақсы қабылданады (сурет 2).



Сурет 2 – Суреттермен көрнекі түрде жасалған шағын мәтіндер

Білім алушыларға берілетін материалдарда қолданылатын жаңа сөздердің шамадан тыс көп болмауы қажет. Әр жаңа тақырыпты өткен сайын жаңа сөздермен таныстырып, оның әрбіреуне тоқталып, мағынасын түсіндіру маңызды. Жаңа сөздердің көп болуы білім алушыларға материалды түсінуіне және қабылдауына қиындық туғызады.

Қорытындылай келе, білімді толық игеру үшін білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз ойын толық жеткізе алуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты болып табылады, және әрбір білім алушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс. Осы мақсатқа жету үшін, пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту үрдісіне байланысты «CLIL» – Үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі» болып табылады.

Әдебиеттер

1. Аблахатова А. А. Пәндік-тілдік кіріктіру технологиясы (CLIL әдісі): қадамнан қадамға // Информационно - педагогическая газета ВКО. – 2022. - № 1.
2. Батурина Н. В. Использование приемов, методов и моделей системы CLIL в процессе обучения английскому языку студентов бакалавриата / Н. В. Батурина, Ю. С. Руковишников, И. В. Батунова // Международный научно-исследовательский журнал. – 2017. – Ч.1. – № 10 (64). – С. 9-13.
3. Даринов М. А., Жамбаева А. К. О преподавании дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии» в Казахстане // Математическое и программное обеспечение систем в промышленной и социальной сферах. – 2018. – Т. 6. – № 2. – С. 42-48.
4. Машрапова А. С. Использование методики CLIL на уроках со вторым языком обучения // Молодой ученый. – 2017. – № 18 (1). – С. 48-51.
5. Нурпейсова Н. Т., Сабирдинова С. Ә. CLIL әдістемесінің мазмұны // Физиологические аспекты. – 2019. – № 5 (49). – С. 192-195.
6. Бейсеков А. Н. Современные инновационные методы обучения // Вестник Кокшетауского технического института. – 2018. – № 3 (31). – С. 93-97.

References

1. Ablakhatova A. A. Pandik-tildik kiriktiru tekhnologiyasy (CLIL adisi): qadamnan qadamga// Informatsionno - pedagogicheskaya gazeta VKO. – 2022. - №1.
2. Baturina N. V. Ispolzovanie priemov, metodov i modelei sistemy CLIL v protsesse obucheniya angliiskomu yazyku studentov bakalavriata / N. V. Baturina, Yu. S. Rukovishnikov, I. V. Batunova // Mezhdunarodnyi nauchno-issledovatel'skii zhurnal. – 2017. – Ch.1. – № 10 (64). – S. 9-13.
3. Darinov M. A., Zhambaeva A. K. O prepodavanii distsipliny «Informatsionno-kommunikatsionnye tekhnologii» v Kazakhstane // Matematicheskoe i programmnnoe obespechenie sistem v promyshlennoi i sotsialnoi sferakh. – 2018. – T. 6. – № 2. – S. 42-48.
4. Mashrapova A. S. Ispolzovanie metodiki CLIL na urokakh so vtorym yazykom obucheniya // Molodoi uchenyi. – 2017. – № 18 (1). – S. 48-51.
5. Nurpeisova N. T., Sabirdinova S. A. CLIL adistemesisinin mazmuny // Fiziologicheskie aspekty. – 2019. – № 5 (49). – S. 192-195.
6. Beisekov A. N. Sovremennye innovatsionnye metody obucheniya // Vestnik Kokshetauskogo tekhnicheskogo instituta. – 2018. – № 3 (31). – S. 93-97.

К. К. Шашкенова¹, С. Д. Сабитова¹, С. И. Хан²

¹Академия гражданской защиты им. М. Габдуллина МЧС РК, Кокшетау, Казахстан

²Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НЕКОТОРЫХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕТОДА
«CONTENT LANGUAGE INTEGRATED LEARNING» ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ
«ИНФОРМАЦИОННО - КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
НА ИНОСТРАННОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье рассматривается обучение знаниям и практическим навыкам в процессе преподавания предмета «Информационно-коммуникационные технологии» на английском языке, направленное на предметно-языковое интегрированное обучение с использованием методики «Content Language Integrated Learning». Показан выбор материала урока на основе критериев методики «Content Language Integrated Learning» при разработке новых материалов для студентов. Практические занятия на компьютере направлены на совершенствование навыков разговорной речи на английском языке, что вызвало интерес у студентов.

Ключевые слова: методика «Content Language Integrated Learning», английский язык, образование, методика обучения, информационные технологии.

K. Shashkenova¹, S. Sabitova¹, S. Khan²

¹Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan

²Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

THE EFFECTIVENESS OF USING SOME ELEMENTS OF THE «CONTENT LANGUAGE
INTEGRATED LEARNING» METHOD WHEN STUDYING THE DISCIPLINE
«INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES» IN A FOREIGN LANGUAGE

Abstract. The article discusses the teaching of knowledge and practical skills in the process of teaching the subject «Information and Communication Technologies» in English, aimed at subject-language integrated learning using the «Content Language Integrated Learning» methodology. The choice of lesson material based on the criteria of the «Content Language Integrated Learning» methodology when developing new materials for students is shown. Practical classes on the computer are aimed at improving the skills of speaking in English, which aroused the interest of students.

Keywords: «Content Language Integrated Learning» methodology, English, education, teaching methods, information technology.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors

Көгершін Қалыбекқызы Шашкенова – техника және технология магистрі, Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы ЖТПАЖжәнеТ кафедрасының аға оқытушысы. E-mail: talgat_kogershin@mail.ru

Дана Сайранқызы Сабитова – техника ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы ЖТПАЖжәнеТ кафедрасының аға оқытушысы. E-mail: danasabitova@mail.ru

Сергей Иннокентьевич Хан – техника ғылымдарының кандидаты, доцент Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. E-mail: isivt@mail.ru

Шашкенова Көгершін Калыбековна – магистр техники и технологий, старший преподаватель кафедры общетехнических дисциплин информационных систем и технологий Академии гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС Республики Казахстан. E-mail: talgat_kogershin@mail.ru

Сабитова Дана Сайрановна – магистр технических наук, старший преподаватель кафедры общетехнических дисциплин информационных систем и технологий Академии гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС Республики Казахстан. E-mail: danasabitova@mail.ru

Хан Сергей Иннокентьевич – кандидат технических наук, доцент, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова. E-mail: isivt@mail.ru

Kogershin Shashkenova – Master of technics and technology, Senior Tutor of the Department of general technical disciplines of information systems and technologies of the M. Gabdullin Civil defense academy of the MES of the Republic of Kazakhstan. E-mail: talgat_kogershin@mail.ru

Dana Sabitova – Master of technical sciences, Senior Tutor of the Department of general technical disciplines of information systems and technologies of the M. Gabdullin Civil defense academy of the MES of the Republic of Kazakhstan. E-mail: danasabitova@mail.ru

Sergey Khan – candidate of technical Sciences, Sh. Ualikhanov Kokshetau University. E-mail: isivt@mail.ru